



Астана, Парламент Мәжілісі

Астана, Мажилис Парламента

200\_\_ ЖЫЛҒЫ “ \_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 200\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

2017 ж. 22.02. жарияланды

## **ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

### **Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Жаһандық дағдарыс жағдайында біздің мемлекетіміз әрдайым жоғарғы әлеуметтік жауапкершіліктің, адам еңбегіне қамқорлықтың үлгісін көрсетіп келеді. Еліміздің барлық аймақтарында әкімдіктер мен жетекші кәсіпорындар арасында жұмыс орындарын сақтау және жұмыс берушілердің жергілікті қайта оқыту бағдарламаларына қатысуы туралы меморандумдарға қол қойылды.

Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін сақтау маңыздылығын, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын құруды Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев әрдайым ерекше атап отырады және ол туралы биылғы 31 қаңтардағы Президент Жолдауында да тоқталып өтті.

Біздің Республикамызда «2017 – 2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту», «Нұрлы Жол», «Бизнестің жол картасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асырылуда. Осы бағдарламалардың аясында 700 мың адам жұмыспен қамтылып, соның 500 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан. Осы бағдарламалар мен қолдау құралдарын дамыту, жетілдіруді жалғастыру қажет екендігі сөзсіз.

Бүгінгі біздің депутаттық сауалымыз Республикамыздағы локомотив жөндеу кәсіпорындарының жабылуына байланысты жұмыс орындарының қысқару мәселесіне қатысты.

Соңғы 5 жылда елімізде бірнеше соның ішінде 2012 жылы Алматы, 2013 жылы Өскемен және Қызылорда, 2015 жылы Маңғыстау, 2016 жылы Орал және Қостанай локомотивжөндеу деполары жабылды.

Еліміздегі темір жол жөндеу кәсіпорындарының жұмысшыларымен кездесу барысында айқын болғандай, өткен жылдары бұл салада жұмыс тапсырыстарының азаюына байланысты көптеген жоғарғы техникалық разряды

бар мамандардың қысқартылуға түсіп жатқаны өкінішті. Үстіміздегі жылдың басынан бастап елімізде тегін кәсіби техникалық білім беру басталып жатқан кезеңде, дайын кадрларды пайдаланбау орынсыз деп санаймыз.

Дегенмен, елімізде тепловоздар жөндеу көлемінің баршылық екендігін атап өту қажет. Қазақстандық жөндеу зауыттары кез келген жылжымалы құрамға, соның ішінде тепловоз парктерінің саны 60-қа дейін жететін жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың карьерлық локомотивтеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге дайын.

Өкінішке орай, еліміздің көптеген жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындары өздерінің жылжымалы құрамдарына жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді шетелдік кәсіпорындарды жұмыспен қамти отырып, Ресей Федерациясы және Украинада жүргізеді. Бұл жұмыстарды Қазақстандық зауыттарда **15%-ға арзанырақ** жүргізуге болады.

Нәтижесінде отандық кәсіпорындар жұмыс орындарын сақтап өз қызметтері тоқтап қалмауы үшін осы қиын жағдайдан шығар жолды өздігінен іздеуге мәжбүр.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы, жұмыс орындарын сақтау және қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында, аталған салада Қазақстанның жөндеу кәсіпорындары мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында екі жаққа пайдалы ынтымақтастық орната отырып, жоғары білікті техникалық кадрларды сақтауға ықпал етуіңізді сұраймыз.

Депутаттық сауалға жауапты Қазақстан Республикасы заңында көрсетілген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**Мәжіліс депутаттары,  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**Е. Бектұрғанов**

**Ж. Жарасов**

**С. Ахметов**

**Ж. Дүйсебаев**

**М. Чирков**

Орынд.: Д. Баржақсинов  
С. Максұт  
Тел. 746772, 746535